



**АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА**

**Макросауалнама: сарапшылар экономиканың негізгі көрсеткіштері бойынша бағалауларын жаңартты**

Астана қ.

2024 жыл, 21 қараша

Қазақстан Ұлттық Банкі сарапшылар қауымдастығы арасында жүргізілген кезекті макроэкономикалық сауалнаманың нәтижелерін [жариялады](#).

Brent маркалы мұнайдың бағасы, Қазақстан экономикасының өсімі, инфляция, базалық мөлшерлеме, тауарлар мен қызметтердің экспорты және импорты, сондай-ақ ұлттық валюта бағамының мәні – сауалнаманың негізгі параметрлері болды.

Биыл қараша айында 2025 және 2026 жылдарға арналған мұнай бағасы бойынша сценарий шарттары жаңартылған. Медианалық күтулерге сәйкес 2025 жылы Brent маркалы мұнайдың бағасы барр. үшін **76,5** АҚШ долл. деңгейінде қалыптасады (бұған дейін – 75,0 АҚШ долл.). 2026 жылға болжам баррель үшін **74,0** АҚШ долларға дейін төмендетілген. 2024 жылға күтулер **80,4** АҚШ доллар деңгейінде қалыптасты.

Қазақстан экономикасының 2024 жылға болжамдары — 4% - дан **4,2%** - ға дейін өсу жағына қайта қаралған. Респонденттердің 2025 жылға арналған күтулері 5% - дан **4,7%** - ға дейін төмендетілді. 2026 жылға экономиканың өсуі бойынша болжам **4,5%** деңгейінде сақталған.

Сарапшылар 2025 жылға инфляция болжамдарын 6,7% - дан **6,9%** - ға дейін нашарлатты. 2024 және 2026 жылдарға арналған болжамдар тиісінше **8,4%** және **6,0%** деңгейінде қалып отыр.

2025 жылға арналған базалық мөлшерлеменің болжамдары талдаушылардың инфляциялық күтулеріне сәйкес, 12,0% - дан **12,5%** - ға дейін өзгеріп отыр. 2026 жылға арналған бағалаулар 10,1% - дан **10,3%** - ға дейін түзетіліп, 2024 жылға болжамдардың медианалық мәндері **14,6%** деңгейінде сақталды.

Пікіртерімге Қазақстан бойынша макроэкономикалық көрсеткіштерді талдаумен және болжаумен айналысатын [13 ұйым](#) қатысты. Респонденттердің қатарына нарықтың кәсіби қатысушылары, зерттеу институттары, халықаралық ұйымдар, сондай-ақ рейтингтік агенттіктер кіреді.

Макроэкономикалық сауалнамаға Ұлттық Банк болжамдары енгізілмейтінін атап өтеміз. Онда нарықтың кәсіби қатысушыларының қазақстандық және әлемдік нарықтардағы ахуалдың даму барысына қатысты тәуелсіз пікірлеріне, бағалауларына және күтулеріне шолу жасалған.

**Толығырақ Ұлттық Банктің [интернет-ресурсында](#)**

**БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:**

8 (7172) 77–52–10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)